



ЖАҢА АРХИВ

Ғылыми-әдістемелік журнал

Зерттеулер ●

Цифрлық сақтау ●

Қорларға шолу ●

Тарихи тұлға ●

Халықаралық ынтымақтастық ●

Жас архившілердің VI халықаралық
Жазғы мектебінің материалдары ●

Заңнамадағы өзгерістер ●



2023. Т 2. № 2.

ISSN: 2958-6593



ЖАҢА АРХИВ

Ғылыми-әдістемелік журнал

2023. Т. 2. № 2

«Жаңа Архив» журналы – архивтану, құжаттану және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, отан тарихы мәселелері бойынша кешенді зерттеулер мен ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін жариялайтын, отандық және шетелдік мамандардың кәсіби қарым-қатынасын қамтамасыз ететін архившілер, құжаттанушылар мен іс жүргізушілеріне арналған кәсіби басылым.

«Жаңа Архив» журналының миссиясы – отандық және шетелдік архивтану мен құжаттанудың дамуына ықпал ету; архив ісі және құжаттану, отан тарихы мәселелері бойынша өзекті мақалаларды, шолуларды жариялау, сондай-ақ аталған бағыттардың өзекті мәселелері шеңберінде ғылыми зерттеулер деңгейін көтеру және халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Журналдың мақсаты – архив ісі және құжаттану саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін сынаудың заманауи тәсілдеріне, қолжетімді дереккөздер мен архивтік материалдардың мүмкіндігінше кең ауқымына негізделген ғылыми-практикалық зерттеулердің жоғары деңгейін қалыптастыру, оқиғалар, өткен және қазіргі уақыттағы құбылыстар мен процестерді түсіну.

«Жаңа Архив» журналында архив ісі, құжаттану, басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, отан тарихы саласындағы ғылыми-тәжірибелік бағыттағы еңбектер, сонымен қатар журналдың негізгі бағыттары бойынша жетекші сарапшылардың шолу мақалалары жарияланады.

Журнал қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде мақалалар жариялайды.

Журналдың бөлімдері:
архивтану (археография, архив құжаттары),
құжаттану, тарих (деректану,
тарихнама, өлкетану)

ISSN 2958-6593

Жазылу индексі 76221

Журнал 2022 ж. 23 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу № KZ29VPY00056058.

Басылу мерзімділігі жылына 4 рет

Құрылтайшы:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві»
республикалық мемлекеттік мекемесі
(мекенжайы: Қазақстан Республикасы
050010 Алматық., Достық даңғ., 87 б)
Тел.: +7 (272) 264-69-07, факс: +7 (727) 264-68-21
e-mail: office@archive.president.kz
сайты: archive.president.kz



(RU / EN)

© Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, 2023
© Авторлар ұжымы, 2023

Бас редактор

Ә.Қ. Мұстафина, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің директоры (Қазақстан, Алматы қ.)

Бас редактордың орынбасары

Р.С. Кәрібжанова, Қазақстан Республикасы Президенті Архиві директорының орынбасары, (Қазақстан, Астана қ.)

Редакциялық топ:

Н.Т. Төлеев, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Жалпы бөлімінің меңгерушісі (Қазақстан, Астана қ.);

М.А. Алыбаева, Қырғыз Республикасы Цифрлық даму министрлігі жанындағы Архив қызметінің төрағасы (Қырғызстан, Бішкек қ.);

Аль-Ахмад Нидал Ибрагим Мухаммад, Иордания Хашимит Корольдігі Ұлттық кітапханасының бас директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Иордания, Амман қ.);

А.Г. Горак, Мария Кюри-Склодовская университетінің Архивтану және хабилитус көмекші тарихи пәндер кафедрасы доценті, тарих ғылымдарының докторы (Польша, Варшава қ.);

М.Т. Жылгелдинов, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің Оқу-әдістемелік орталығының басшысы (Қазақстан, Алматы қ.);

З.Е. Қабылдинов, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қазақстан, Алматы қ.);

П.А. Кюнг, Бүкілресейлік құжаттану және архив ісі ғылыми-зерттеу институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты (Ресей, Мәскеу қ.);

Г.Ж. Мұқажанова, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің Қолданбалы және ғылыми жобалар орталығының басшысы (Қазақстан, Астана қ.);

Г.Р. Нұрымбетова, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің ХХ ғасырдағы саяси құғын-сүргін материалдарын зерделеу орталығының басшысы, саяси ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Алматы қ.);

Г.Ә. Сексенбаева, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан, Алматы қ.);

У.М. Юсупов, Өзбекстан Республикасы Узархив агенттігінің директоры (Өзбекстан, Ташкент қ.).



(RU / EN)

Редактор: *Ж.Ә. Мақатова*

Дизайн және компьютерде беттеу: *А.М. Дүйсембаев*

Жауапты хатшы: *Б. Бейсенбекқызы*

МАЗМҰНЫ

Зерттеулер

Е. Сыздыкова Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің 2011-2022 жж. археографиялық қызметін дамытудың кейбір аспектілері.....5

А. Максымканова Архивтердегі жеке тектік қорлардың зерттелу тарихнамасы.....14

Цифрлық сақтау

К. Кабарова, Ж. Тайбасарова Обзор тенденций применения цифровых технологий в архивной отрасли.....25

Г. Сексенбаева, Чжанга Электронный документооборот в Китае на современном этапе.....45

Қорларға шолу

М. Шотаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалар» құжаттарының құрамы мен сипаттамасы.....55

Тарихи тұлға

Е. Чиликова К 130-летию Магжана Жумабаева: судьба поэта и его творческого наследия (по документам и библиотечному фонду Архива Президента РК).....62

Халықаралық ынтымақтастық

М. Жылгелдинов Халықаралық архивтер кеңесіне 75 жыл.....70

Жас архившілердің VI халықаралық Жазғы мектебінің материалдары

Б. Бейсенбекқызы Жас архившілердің VI Халықаралық жазғы мектебі.....84

М. Ларин Центр хранения электронных документов Государственного архива Российской Федерации: новый проект российских архивистов.....89

А. Турапов Цифровые технологии в государственных архивах Узбекистана.....93

Н. Суровцева Методика разработки функциональных требований к системе управления документами в архиве.....96

Заңнамадағы өзгерістер

«Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы.....104

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің 2011-2022 жж. археографиялық қызметін дамытудың кейбір аспектілері

Елена Степановна Сыздыкова¹

¹Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Қолданбалы және ғылыми жобалар орталығының аға ғылыми қызметкері

Аңдатпа. Мақалада 2011 жылдан 2022 жылға дейінгі Президент Архивінің жарияланым қызметінің негізгі тенденцияларына талдау жасалады. Археографиялық жарияланымдар жоспарын қалыптастырудың негізгі факторлары анықталады, олардың арасында архив қорларын құпиясыздандыру процесі ерекше орын алады. Баспа жұмысының негізгі бағыттары, басылымдардың түрлері, олардың ерекшеліктері байқалады. Жарияланым қызметінің сипаттамасы 2011–2022 жылдары жарияланған деректі жинақтарды алдыңғы 1997–2010 жылдардың кезеңімен салыстыру контекстінде жүргізіледі. 2011 жылы қабылданған Ұлттық архив қорының құжаттарын басып шығару қағидаларының басылымдардың құрылымы мен сапасына әсер ету дәрежесі айқынадалады, ключевые процестердің динамикасы байқалады.

Түйінді сөздер: археографиялық қызмет, құпиясыздандыру, тақырыптық басылымдар, қор бойынша басылымдар, бір адамның құжаттарының басылымдары, бір түрдегі құжаттардың басылымдары.

Некоторые аспекты развития археографической деятельности Архива Президента Республики Казахстан в 2011–2022 гг.

Елена Степановна Сыздыкова¹

¹Архив Президента Республики Казахстан, старший научный сотрудник Центра прикладных и научных проектов

Аннотация. В статье содержится анализ основных тенденций публикаторской деятельности Архива Президента с 2011 по 2022 гг. Определяются основные факторы формирования плана археографических публикаций, среди которых особое место занимает процесс рассекречивания архивных фондов. Выделяются главные направления издательской работы, виды и типы публикаций, их особенности. Характеристика публикаторской деятельности проводится в контексте сопоставления документальных сборников, изданных в 2011–2022 гг., с предыдущим этапом 1997–2010 гг. Определяется степень влияния нормативных Правил издания архивных документов Национального архивного фонда, принятых в 2011 г., на структуру и качество изданий, прослеживается динамика характерных процессов.

Ключевые слова: археографическая деятельность, рассекречивание, тематические издания, пофондовые издания, издания документов одного лица, издания документов одной разновидности.

Some aspects of archeographic activities development of the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan in 2011–2022

Elena S. Syzdykova¹

¹Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, senior sciences researcher at the Center for applied and scientific projects

Abstract. The article contains analysis of the main trends in the publishing activities of the Presidential Archive from 2011 to 2022. The main factors of the formation of the plan of archaeological publications are determined, among which a special place is occupied by the process of declassification of archive records. The main directions of publishing work, types and kinds of publications, their features are highlighted. The characteristic of publishing activity is carried out in the context of comparing the documentary collections published in 2011–2022 with the previous stage of 1997–2010. The extent to which the 2011 Regulations on the publication of archival documents of the National Archive Fund have influenced the structure and quality of the publications is determined, and the dynamics of the characteristic processes is traced.

Key words: archeographic activity, declassification, thematic publications, fund publications, publications of documents of the same person, publications of documents of the same variety.

Археографиялық қызмет – Президент Архивінің негізгі қызметінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Қ. Тоқаевтың 2022 жылдың ақпан айындағы «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің кейбір мәселелері туралы» Жарлығына сәйкес Архивтің еліміздегі жетекші архив орталығына айналуының жаңа кезеңнің бастауын белгіледі. Құжаттық дереккөздерді жариялау және танымал ету архивтің таяу және орта мерзімді маңызды перспективалық бағыты ретінде Архивтің 2035 жылға дейінгі даму тұжырымдамасында және 2022–2025 жылдарға арналған Стратегиялық жұмыс жоспарында айқындалды.

Архив алғаш рет 2022 жылы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелді. Бұл ғылыми жұмыстарды жандандыруға негіз бола отырып, зерттеудің жаңа өзекті бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Осы сипаттағы жұмыстардың қатарына үш зерттеу жұмысы енгізіліп отыр, оларға «Анализ археографической продукции и справочно-информационных изданий Архива Президента за 1994–2010 гг.» [1], 2009 жылы құрастырылған Президент Архивінің басылымдарының «Библиографиялық жөнсілтері» [2], сондай-ақ 2019 жылы шыққан «Организация архивного дела в Казахстане: практики, проблемы, инновации» [3, 139–165] ұжымдық монографияның арнайы тарауының материалдары жатқызылды.

2011 жылдан бастап Архивтің археографиялық басылымдарының жоспарын қалыптастырудағы негізгі факторлары болып келесі анықталды:

1) бағдарламалар және бағдарламалық мақалаларда нақтыланған республиканы дамытуда ішкі саяси басымдықтары. 2021 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақаласы жарияланды. Оның мазмұнында рухани құндылықтарды жандандыруға, Қазақстан халқының тарихы мен мәдениетін зерделеуге және насихаттауға бағытталған, перспективалық жариялау жобаларын әзірлеу үшін идеялық негіздеме ретінде қызмет етеді [4];

2) архивтің жариялау жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін негізгі алғышарттардың бірі - тиісті қор материалдарының болуы;

3) Архив құрылған сәттен бастап бүгінгі күнге дейін құжаттық басылымдарды жариялаудың перспективалық жоспарларын жүйелеу, құру ісінде архивтік құжаттарды құпия-сыздандыру процесі маңызды рөл атқарады.

Архив құжаттарын құпиясыздандырудың қазіргі кезеңінің тарихы 80-ші жылдардың екінші жартысынан басталады. Оның бастамасы сол кездегі біртұтас елдегі қайта құру үдерістерінің дамуымен, демократиялық социализм рухында жариялылық пен реформа дәуірінің басталуымен байланысты. 1987 жылы КОКП ОК Саяси Бюросының 1930–1940 жылдары және 1950 жылдардың басында болған қуғын-сүргінге байланысты материалдарды қосымша зерттеу жөніндегі Комиссиясы құрылды. Сол кездегі құпиясыздандырылған құжаттар зерттеудің ең іргелі бағыттарының бірі – Ұлт зиялы қауымның тағдырын, ұлт-азаттық қозғалысының тарихын және басқаларын анықтауға мүмкіндік берді. 1987 жылғы комиссияның қызметі нәтижесінде ашылған қорлардан алынған ақпараттар мазмұны жағынан кішігірім болды. Алынған ақпарат сол арада өткен процестер туралы ғана нақты түсінік берді.

1991 ж. 12 қарашада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысымен ҚазОАК және КАКСР ХКК 1928–1930 жж. қаулыларын зерттеу жөніндегі Жоғарғы Кеңес Төралқасының комиссиясы құрылды. Комиссияның мақсаты республикалық және ведомстволық архивтердің деректі материалдарын, статистикалық деректерді, мерзімді баспасөзді, ҚазОАК мен ҚазАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы», 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу және жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы», 1930 жылғы 19 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулылары туралы куәгерлердің мәліметтерін зерттеу [5]. Оның құрамына Қазақстан Республикасының Халық депутаты, академик М.К. Қозыбаев (төраға), С.А. Қасымов (хатшы), Ж. Б. Абылхожин, К.С. Алдажуманов, С.Б. Байжанов, В.К. Григорьев, С.А. Қасқабасов, М.Қ. Қойгелдиев, Т.О. Омарбеков, Ю.И. Романов, Г.С. Сапарғалиев, М.Б. Тәтімөв, М.Ж. Хасанаев, сондай-ақ бірқатар ведомстволардың басшылары, БАҚ, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және Бас прокуратурасының өкілдері кірді.

Комиссия қорытындысында қуғын-сүргінге ұшырағандардың саны туралы алғашқы статистикалық деректер қамтылды, оған сәйкес республикада 105 мың қазақстандық жазықсыз сотталған, оның 25 мыңы атылған. 2,2 миллион адам ашаршылық пен эпидемия салдарынан қайтыс болған туралы есептер берілген. Комиссияның қорытындылары қазақ ауылын кеңестендіру, Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, 1930 жылдардағы ашаршылық тарихы бойынша көптеген зерттеулерге негіз болды. Комиссия мүшесі, академик М.Қ. Қойгелдиев: «Комиссия 20-шы жылдардың екінші жартысы – 30-шы жылдардың басында Қазақстандағы Кеңес өкіметі қызметінің сипатын, мақсаттары мен қорытындыларын анықтау бойынша өте маңызды жұмыс жүргізді. Бұл қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси өмірін реформалау жылдары болды. Аталмыш реформалар қайғылы нәтиже бергенін атап өту керек. Олар қазақ халқының шамамен 49 %-ның жойылуымен аяқталған» - деп белгілейді [6]. Қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау міндеті Комиссия алдына қойылмаған. Осыған орай алда атқаратын одан да көп жұмыстар тұрды.

Екінші кезеңге – «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылданған 1993 жылды жатқызуға болады [7]. Қазақстан Президентінің өкімімен жаппай қуғын-сүргін мен адам құқықтарына қол сұғушылықты қолдануға негіз болған заңнамалық актілерді құпиясыздандыру жөніндегі Ведомствоаралық комиссия құрылды. Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Бас архивінің және Орталық мемлекеттік архивінің өкілдері кірді. Жұмыс ҚР Орталық мемлекеттік архиві мен Президент Архивінде жүргізілді. Оның нәтижелері бойынша жаппай қуғын-сүргін кезеңінде адам

құқықтарының бұзылуы туралы мәліметтерді қамтитын қорлар құжаттарының тізбесі дайындалды. 1997-2004 жылдары Президент Архиві директорының ғылыми-ақпараттық қызмет жөніндегі орынбасары Е.М. Грибанованың пікірінше, Комиссия белгілеген жұмыс көлемі аз болғанына қарамастан, тіпті «осы бағыттағы ішінара жүргізілген жұмыс зерттеушілерді дүр сілкіндіріп, оларға ірі ақпараттық лакундарды (ерекшеліктерді) толтыруға мүмкіндік берді» [1].

Үшінші кезең, 2004–2008 жылдары Президент Архивінің бастамасымен Коммунистік партияның бұрынғы архив қорының құжаттарын құпиясыздандыру жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның құрылуымен байланысты. Архив қызметкерлері Ведомствоаралық комиссияның мүшелеріне «арнайы папкаларда» сақталған шешімдерді құпиясыздандыруды және кез келген зерттеушіге қолжетімді етуді ұсынды [8]. Қуғын-сүргін, азаматтарды қудалау туралы аналитикалық-ақпараттық сипаттағы құжаттар, жекелеген адамдарға қатысты айыптаушы материалдардың мазмұны зерттеуді талап етті. Дәл осындай мәліметтер партиялық-тергеу істерінің құжаттарын қамтыды. Архив жұмысының нәтижесінде 1937–1991 жылдардағы партиялық құжаттардың 40 мыңнан астам ісінен құпиялылық белгілері алынып тасталды.

2020 жылдан бастап бұрын жабық архив материалдарын құпиясыздандыру үдерісінің дамуындағы жаңа кезең басталды. Тарихи әділдікті қалпына келтіру жөніндегі жұмысты аяқтау мақсатында Қазақстан Президенті 24 қарашада «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Жарлыққа қол қойды [9]. Мемлекеттік комиссияның құрылуымен мәселені зерттеудің жаңа кезеңі басталды. Қызмет бағыттарын жан-жақты қамту үшін келесі жұмыс топтары құрылды: «Күштеп ұжымдастыру, большевиктік-сталиндік биліктің шаруаларға қатысты астық дайындау және басқа да саяси науқандарының құрбандарын ақтау үшін қорытындылар мен ұсынымдарды зерделеу, дайындау», «Қазақстанға күштеп жер аударылған халықтар мен арнайы қоныс аударушылардың ақталмаған құрбандары» және басқалар.

Архивтерді құпиясыздандыру үдерісімен бір мезгілде археографиялық сипаттағы басылымдарды дайындау жұмыстары жүргізілді. Атқарылған жұмыстарды екі кезеңге бөлуге болады:

1) 1994 жылдан 2011 жылға дейін – Президент Архиві құрылған күннен бастап 2011 жылы «Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын басып шығару қағидалары» қабылданғанға дейін;

2) 2012 жылдан бастап.

Кеңестік және қазіргі кезеңдердің құпиясыздандырылған құжаттары елдегі ең өзекті:

- наразылық қозғалыстары;
- Алаш партиясының тарихы;
- ХХ ғ. 20-шы жылдардың аяғы мен 30-шы жылдардың басындағы ұжымдастыру және аштық;
- тұлғаларға, әлеуметтік және этникалық топтарға қатысты саяси қуғын-сүргін;
- Ұлы Отан соғысының тарихы (1941–1945 жж.);
- Семей полигонының тарихы;
- кеңестік кезеңдегі және Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстанның көрнекті қайраткерлерінің тарихы тақырыптарына арналған алғашқы монографиялық зерттеулердің деректі көзі болып табылды.

Зерттеу дәстүрлері негізінен 2011–2022 жылдар аралығында сақталды. Мәселен, 2012 жылдан бастап тақырыптық бағыттардың ішінде күштеп ұжымдастыру [10] және 1928–1934 жылдардағы ашаршылық [11, 12], депортация тарихы [13–15], ХХ ғасырдың басындағы Қазақ ұлттық зиялылары [16–17], кеңес және Тәуелсіздік кезеңінде-

гі мемлекет және қоғам қайраткерлері (С.С. Жиенбаев, М.К. Қозыбаев, С.Б. Бейсенбаев, Х.Ш. Бектұрғанов, Р.Ш. Шамжанова, Ш.Ж. Жаныбеков, Н. Шарип, Г.К. Бельгер, Ж. Шаяхметов, Д. Жаналтай және басқалар), Ұлы Отан соғысының тарихы [18] жеке қарастырылады.

Бірлескен жобалар ерекше орын алады. 2014–2019 жылдары Президент Архиві әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлесіп баспа жобасына атсалысты. «Өнегелі өмір» деректі сериясында Қазақстанның мемлекет, қоғам және саяси қайраткерлері Ш. Жаныбеков, Т. Жангелдин және Б. Қазыхановаға арналған жұмыстар жарық көрді.

Сонымен қатар, жаңа зерттеу трендтері қалыптасты, атап айтсақ, қоғамдық және саяси ұйымдардың тарихы (1917–1991 жж.) [19, 20], жаңа геосаяси және геоэкономикалық жағдайдағы Қазақстан – республиканың ядролық қаруды таратпауға қосқан үлесі [21], ұлттық валютаны енгізу [22, 23], әскери құрылыс [24], астананы Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшіру тарихы [25]. Бірінші кезеңмен салыстырғанда ғылыми жаңалық 42 % құрады.

Мәселенің кеңейуі жариялау практикасын қалыптастырудың белгіленген критерийлерімен қатар жаңа тақырыптық контексттің пайда болуымен түсіндіріледі. Бұл жерде Президент Архивінің қоғамдық және білім беру ұйымдарымен – Қазақстан халқы Ассамблеясымен, Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығымен, Ұлттық қорғаныс университетімен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен баспа қызметі тұрғысынан ынтымақтастық нысандарын кеңейту жөнінде айтылып отыр.

Ең танымал басылымдық тақырыптарының бірі – жеке тұлғалар (персоналия) тақырыбы. 2011 жылдан 2022 жылға дейін жеке тұлғалар (персоналия) бойынша деректі басылымдардың үлесі құжаттар мен материалдар жинақтарының жалпы санының 41 % – құрады. Бұл жариялау жұмыстары, бір жағынан, тұрақты құндылыққа ие, өйткені олар жеке тұлғаға тән қасиетін көрсетеді, жеке қабылдау арқылы олар бүкіл дәуірді бейнелейді. Сонымен қатар, дәл осы санаттағы басылымдардың ішінде физикалық көлемі жағынан аз және ең аз жарияланған құжаттары бар басылымдар кездеседі (сәйкесінше 61 бет және 6 құжат).

Архивтің археографиялық қызметіндегі екі кезеңді салыстыра отырып, жалпы типтері мен түрлері бойынша деректік жинақтардың құрамы сақталғанын атап өтуге болады. Алдыңғы кезеңдегідей, ғылыми-көпшілік басылымдар басым. «Рассекреченная война» және «Из истории депортаций» атты екі жинақ физикалық көлемі, құрылымы және ҒАА безендірілуі бойынша ғылыми басылымдар мәртебесіне сәйкес келеді. Түрлер сипаттамасына келер болсақ, жинақтардың құрамы да дәстүрлі – негізінен тақырыптық және қор бойынша, бір тұлғаның құжаттарының басылымдары. Күнделік жазбалар мен естеліктерге негізделген екі басылымды («Тоқтағали Жангелдин» [26] және «Павел Мариковский» [27]) бір түрдегі құжаттардың басылымдары деп санауға болады. Тақырыптар арасында оқу басылымы да пайда болды [28]. Архивте мұндай тәжірибе алғаш рет қолданылды.

Басылымдық тәжірибесінің статистикалық талдауы деректік басылымдардың (құжаттар жинақтары, құжаттар мен материалдар жинақтары) жалпы санының біршама өскенін көрсетеді: бірінші кезеңде – 26, екінші кезеңде – 34.

Мемлекеттік тілдегі басылымдардың саны біршама артып, екі тілде дайындалған жинақтардың саны едәуір артты¹. Кезеңнің ерекшелігі – шет тілдеріндегі деректер қолданылған құжаттар жинағын («Далелхан Жаналтай» жинағында ағылшын, қытай, түрік [29] және «Из истории депортации немцев в Казахстан» жинағында неміс) басып шығару [30]. 1997–2010 жылдары жеке дайындалған басылымдардың саны 19, 2011–2022 жылдары – 22 жинақты құрады. Бірлескен басылымдар – сәйкесінше 7 және 12.

¹ Тіл бойынша жарияланымдардың статистикасы: Қазақ тілінде: 1997-2010 жж. – 1, 2011-2022 жж. – 1; қазақ және орыс тілдерінде: 1997-2010 жж. – 4, 2011-2022 жж. – 11; қазақ және басқа шет тілдерінде – 2011-2022 жж. – 1; орыс тілінде: 1997-2010 жж. – 21, 2011-2022 жж. – 20

Құжаттарды орналастыру принципі басылымның мақсатына және құжаттық материалдың мазмұнына байланысты. 15 жинақ хронологиялық және тақырыптық орналастыру ретімен дайындалған. Әрі қарай: хронологиялық – 9, хронологиялық және логикалық – 6, тақырыптық – 2, хронологиялық және номиналды – 1. «Из истории депортаций» (2012) атты құжаттар мен материалдар жинағында құжаттар хронологиялық, тақырыптық, авторлық және номиналды белгілері бойынша жүйеленген. Барлық қолданылатын қағидаттарды құрастырушылар басылымның мақсаттарын тиімді қамтамасыз етуге ықпал ететіндей негіздейді.

Басылымдарда мәтіндерді беру ғылыми-сыни қағидатқа сай жүргізіледі, оған сәйкес құжаттар стилистикалық және фонетикалық ерекшеліктерін дәл сақтай отырып беріледі. Құжаттардың негізгі бөлігі, әдетте, толығымен жарияланады. Ерекшеліктерді авторлар археографиялық алғысөздерде ескертеді. Көбінесе бұл мазмұны бойынша көлемді құжаттар.

Басылымдарда, әдетте, ғылыми-анықтамалық аппаратты ресімдеудің бірыңғай қағидаттары сақталады. Жинақтардың 100 % – тарихи, 98 % – археографиялық алғысөздер бар. Деректік жинақтардың 50 % ҒАА қамтылған, оның құрамында тарихи және археографиялық алғысөз, атаулық көрсеткіш, жарияланған құжаттар тізімі, қысқартулар тізімі бар. 3 басылымда кеңейтілген ғылыми-анықтамалық аппарат бар, оған қосымша географиялық, пәндік-тақырыптық көрсеткіштер, ескертпелер, пайдаланылған қорлардың тізбесі, бұрын жарияланған құжаттардың тізімі кіреді. 2 басылымда әр тақырыптық бөлімнің алдында археографиялық алғысөздер бар. Көрнекі және иллюстрациялық қосымшалар ретінде басылымдардың 61 % – фотосуреттермен қамтылған.

Басылымдардың арасында сирек кездесетін ҒАА (карталар, сұлбалар, статистикалық кестелер) бар жинақтар бар. Мұндай материалдар «Рассекреченная война», «Трагедия казахского аула», «Казахстан за безъядерный мир» атты жинақтарда жеткілікті мөлшерде кездеседі.

Құжаттардың археографиялық сипаттамасы 2011 жылы қабылданған Ұлттық архив қорының құжаттарын басып шығару қағидасына сәйкес келеді. Сонымен қатар, бұл Қағиданы көрсетілген кезеңде деректі жинақтарды дайындау үрдісінде жалғыз детерминант деп санауға болмайтынын атап өткен жөн. Ұлттық архив қорының құжаттарын басып шығару қағидасы баптары бойынша өткізілген талдауы олардың 1990 жылғы КСРО-да тарихи құжаттарды шығару қағидаларымен сәйкестігін көрсетеді.

Осылайша, «Қағиданы» қабылдауға байланысты 2011 жылдан кейін деректі басылымдарды дайындау әдістемесінде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Посткеңестік кеңістіктегі археографиялық тәжірибесі дамуының жалпы тенденциялары, халықаралық стандарттар, іс қағаздарын мемлекеттік тілге аудару сынды басқа сыртқы және ішкі факторлар әлдеқайда әсер етті. Осылайша, жаңа талаптарды ескере отырып, басылым ережелерін жетілдіру отандық археографияның өзекті міндеттерінің біріне айналуға.

Президент Архивінің жариялау жұмысын одан әрі ұйымдастыру үдерісінде ескерілетін негізгі қорытындыларды тұжырымдай отырып, бірқатар маңызды жайттарды атап өтуге болады.

Біріншіден, археографиялық зерттеулердің сапалық сипаттамаларын жақсарту факторы ретінде сыртқы резенциялардың болуы. 2011–2022 жылдардағы 34 деректік басылымның тек екеуінде дәйексөзді журналдарда сыртқы ғылыми рецензиялар бар. Сонымен қатар, мұндай пікірлер автор-құрастырушылардың кәсіби құзыреттерін растайды, басылымның ғылыми салмағын объективті анықтауға, оның әлеуетті оқырмандарын кеңейтуге ықпал етеді.

Тағы бір мәселе архивтік құжаттарды электронды түрде жариялауға қатысты. Бүгінгі таңда электрондық жарияланымның қолданыстағы нысандары – гипермәтін, мультимедиа, деректер базасы, құжаттардың цифрланған көшірмелерін желіде орналастыру –

Президент Архивінің тәжірибесінде ғана емес, жалпы қазақстандық археографиялық тәжірибеде де кең таралған құбылыс болып саналмайды. Осыған байланысты Қазақстан үшін құжаттық жарияланымдарды электронды түрде дайындау бойынша әдістемелік ережелер мен ұсынымдарды әзірлеу мәселесі маңызды міндет болып қала береді.

Архивтің археографиялық қызметінің өзекті міндеті – тақырыптық біртектіліктен кету. Дәстүр бойынша, жариялау тақырыбын таңдаудағы негізгі басымдық факторы тиісті қор ресурсының болуы болып табылады. Сонымен қатар, тарих ғылымының қазіргі заманғы қажеттіліктері бірте-бірте бірінші орынға шығуда, бұл зерттеулердің бастапқы базасының кеңеюімен, сондай-ақ қоғамның белгілі бір ретроспективті құжаттық ақпаратқа қызығушылығымен байланысты.

Қазақстанның рухани және мәдени дамуы, кеңес дәуіріндегі және тәуелсіздік кезеңіндегі гендерлік саясат мәселелері тарихи маңызға ие болып отыр. Тиісті қор әлеуетін ескере отырып, Қазақстан Компартиясы ОК Саяси Бюросының материалдарына қатысты зерттеу бағыттары (кеңестік кезең үшін), шетелдегі қазақстандық дипломатиялық миссиялар басшыларының қызметін зерделеу, азаматтық қоғам институттарын дамыту, ғылыми, консультативтік кеңестердің, қоғамдық және қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметі (тәуелсіздік кезеңі үшін) сұранысқа ие деп санауға болады.

Республикадағы археографиялық қызметтің нормативтік – құқықтық базасын жетілдірудің жалғасып жатқан үрдісін, ішкі алғышарттардың, шетелдік тәжірибе мен отандық практикасының жетістіктерін ескере отырып, құжаттық жарияланымдарды кәсіби дайындау Архив қызметіндегі барлық басылымдық бағытын үдемелі дамыту үшін негіз бола алады. Бұл сондай-ақ Қазақстанның өте бай тарихи-мәдени мұрасын пайдалану және насихаттау үрдісіне ықпал ете алады.

Әдебиеттер және дереккөздер:

1. Грибанова Е.М. Обзор археографической продукции и справочно-информационных изданий за 1994-2010 гг. (СИФ 1662). [Электронный ресурс]. Алматы: СИФ, 2010. 33 с. URL: <https://www.sinref.ru/razdel/04650raznoe/11/398887.htm?ysclid=ljeio94u3m762828801>. Дата обращения: 10.04.2023 г.

2. Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының басылымдары. Библиографиялық көрсеткіш (аңдатпалық). 1997–2008 жж. / Құраст. Л.Д. Дегітаева, В.Е. Печерских. Алматы: Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты, 2009. 28 б.; Издания Архива Президента Республики Казахстан. Библиографический указатель (аннотированный). 1997–2008 гг. / Сост. Л.Д. Дегітаева, В.Е. Печерских. Алматы: Архив Президента Республики Казахстан, 2009. 28 с.

3. Опыт публикаторской работы Архива Президента РК по документам XX в. и периода Независимости // Организация архивного дела в Казахстане: практики, проблемы, инновации: коллективная монография / под общ. ред. Д. Абдукадыровой, Б. Джапарова. Алматы: Қазақ университеті, 2019. С. 139-165.

4. Казахстанская правда. 2021. 6 января.

5. Казахстанская правда. 1992. 22 декабря.

6. Койгельдиев М.К. Пришло время рассекретить все документы о сталинских репрессиях. [Электронный ресурс]. URL: <https://rus.azattyq-ruhy.kz/interview/24667-mambet-koigeldiev-prishlo-vremia-rassekretit-vse-dokumenty-o-stalinskikh-repressiakh>. Дата обращения: 12.04.2023 г.

7. О реабилитации жертв массовых политических репрессий. Закон Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года. [Электронный ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z930002200_. Дата обращения: 12.04.2023 г.

8. Чиликова Е.В. Документы бывшего архивного фонда КПСС как источники по истории политических репрессий в Казахстане // 1-я Міжнародная наукова-практич-

най конференциясы «Архивтің даялығы. Спардына партияның архиві (Да 95-жылдығы Нацьянальнага архиві Рэспублікі Беларусь)». Минск, 26 мауа 2022 г. (Статья находится в печати).

9. О Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий. Указ Президента Республики Казахстан от 24 ноября 2020 года № 456. [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2000000456>. Дата обращения: 15.04.2023 г.

10. Трагедия казахского аула. 1928–1934: Сборник документов / Сост. А.С. Зулкашева (отв.), Г.Т. Исахан, Г.М. Каратаева. Т. 1. 1928 – апрель 1929. 744 с. Т. 2. 1929 – январь 1932. 744 с. Алматы: Раритет, 2013–2018.

11. Голод в СССР. 1929–1934: В 3 т. / Отв. составитель В.В. Кондрашин. М.: МФД, 2011. (Россия. XX век. Документы). В состав редакционной коллегии издания входил В.Н. Шепель, с 2004 по 2014 гг. директор Архива. В число авторов-составителей вошла Е.М. Грибанова.

12. Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника. Сборник документов / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. Тт. 1-5. Алматы-Нур-Султан, 2021.

13. Из истории депортаций. Казахстан. 1930–1935 гг. Сборник документов / Сост.: Е.М. Грибанова, А.С. Зулкашева (отв.), Г.М. Каратаева, Н.П. Кропивницкий, Г.Н. Мурзагалиева, Е.В. Чиликова. Алматы: LEM, 2012. 772 с.

14. Из истории депортаций. Казахстан. 1935–1939 гг. Сборник документов / Р.М. Әбдуәли, Е.М. Грибанова (отв.), А.С. Зулкашева, Г.М. Каратаева, Н.П. Кропивницкий, Е.В. Чиликова. Алматы: LEM, 2014. 740 с.

15. Из истории депортаций. Казахстан. 1939–1945 гг. Сборник документов / Ж.Т. Байкаш, Е.М. Грибанова, М.Т. Жылгелдинов, Е.В. Чиликова (отв.). Алматы: LEM, 2018. 712 с.

16. А.М. Алибеков. Государственный, общественный деятель Казахстана. К 120-летию со дня рождения (7 июня 1893 г. - 2 июня 1937 г.): Сборник документов / Сост.: Т.Е. Абилова (отв.), А.Т. Сулейменова, Ш.О. Тулеуова. Алматы: Архив Президента РК, 2013. 96 с.

17. Асфендияр Кенжин. Сборник документов и материалов / Архив Президента Республики Казахстан. Сост.: А.Т. Сулейменова. Алматы: «Елтаным», 2014. 348 с.

18. Рассекреченная война: «особые папки» ЦК КП (б) Казахстана. 1941– 1945 гг. / Сост.: Е.М. Грибанова, А.С. Зулкашева, Г.Н. Мурзагалиева, Е.В. Чиликова (отв. сост.). Алматы: LEM, 2020. 608 с.

19. «Қазақ коші – қазақтың қауымдасуы» = «Репатриация казахов - консолидация народа». Алматы. Издательство «Атажурт», 2012. 352 с.

20. «...Это память моя, это вера моя – комсомол, комсомол, комсомол!» (1920–1990-е гг.). Сборник документов и материалов / Ответ. сост. Л.Д. Дегитаева. Алматы: Издательство «Арыс», 2018. 456 с., 20 с. вкл.

21. Казахстан за безъядерный мир. Сборник документов и материалов / Сост. Р.М. Абдуали, Е.А. Асанбаева (отв.), Е.М. Грибанова (отв.), Г.Н. Мурзагалиева, А.Т. Сулейменова. Алматы: Print Express, 2011. 285 с.

22. Ұлттық валюта тарихынан. 1991-1994 жж. = Из истории национальной валюты. 1991-1994 гг.: Сборник документов и материалов / Сост.: Р.М. Абдуали, Ж.Т. Байкаш, Л.Д. Дегитаева, Е.В. Чиликова (отв.). Алматы: Архив Президента Республики Казахстан, 2013. 136 с.

23. Ұлттық валюта тарихынан. Құжаттар мен материалдар жинағы. = Из истории национальной валюты: Сборник документов и материалов / Сост.: Ж.Т. Байкаш, Л.Д. Дегитаева, Р.М. Мирзакулова, Е.В. Чиликова (отв.). Алматы: Архив Президента Республики Казахстан, 2018. 196 с.

24. Вооруженные Силы Республики Казахстан. 1991–2001 гг.: сборник документов и материалов / Асилов Н.Т., Сулейменова А.Т., Умралин У.Д. Нур-Султан, 2022. 322 с.
25. История столицы независимого Казахстана в архивных документах: к 25-летию переноса столицы Республики Казахстан из г Алматы в г Акмолу. Сборник документов / Сост.: Т.Ж. Маканбаев, Р.М. Мирзакулова, Г.Ж. Мукажанова, Е.С. Сыздыкова (отв.). Ред. коллегия: А.Х. Мустафина (отв.), К.Ш. Алимгазинов. Алматы: Арыс, 2022. 472 с., 16 с. вкл.
26. Жангелдин Т. Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов., құраст. Б.Ә. Жапаров, Е.Т. Жангелдин, Ә.Т. Сүлейменова. Алматы: Қазақ университеті, 2016. Ш. 86. 402 с., сур.
27. Павел Мариковский. Воспоминания натуралиста, зоолога, писателя / Сост.: К.Ш. Алимгазинов, Ж.Т. Байкаш, Е.В. Чиликова. Под ред. проф. Б.А. Джапарова. Алматы: «Принт Экспресс», 2016. 384 с. + 4 с. вкл.
28. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012) / Сост.: К.Ш. Алимгазинов, М.Т. Жылгелдинов, Е.В. Чиликова, В.М. Чупров. Астана: ТОО «Шанырақ Медиа», 2017. 320 с.
29. Дәлелхан Жаналтай. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының мүшесі, шетелдегі қазақ диаспорасының көрнекті өкілі (1922-2012). Құжаттар жинағы. Жауапты құр. Ә. Сүлейменова. Алматы: ҚР Президентінің Архиві, 2022. 200 б.
30. Из истории депортации немцев в Казахстан. 1941– 1945 гг. Сборник документов / Сост. коллектив: А. Адилова, А. Айтова, Н.А. Қуанышева, Р.М. Мирзакулова (отв.), М. Ходжабай. Гёттинген – Алматы: Print House Gerona, 2022. 400 с.

Архивтердегі жеке тектік қорлардың зерттелу тарихнамасы

*Айханым Ханайқызы Максымканова*¹

¹Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Қолданбалы және ғылыми жобалар орталығының ғылыми қызметкері

Аңдатпа. Бұл мақалада республикалық архивтерді жеке текті құжаттармен жинақтау, қалыптастыру, құндылығын сараптау, қор тізімдемесін, ғылыми-анықтамалық аппараты, электронды деректер базасын және басылымдарды жасау бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне тарихнамалық шолу қарастырылған.

Түйінді сөздер: жеке тектік құжаттар, жеке тектік қорлар, архив, тарихнама.

Историография изучения фондов личного происхождения в архивах

*Айханым Ханайевна Максымканова*¹

¹Архив Президента Республики Казахстан, научный сотрудник Центра прикладных и научных проектов

Аннотация. В данной статье рассматривается историографический обзор трудов отечественных и зарубежных исследователей по вопросам комплектования республиканских архивов документами личного происхождения, формирования, проведения экспертизы ценности, составления описей фондов, научно-справочного аппарата, электронной базы данных и публикаций документов личного происхождения.

Ключевые слова: документы личного происхождения, фонды личного происхождения, архив, историография

Historiography of the research of personal funds in archives

*Aikhanyam K. Maksymkanova*¹

¹Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, sciences researcher at the Center for applied and scientific projects

Abstract. This article discusses a historiographical review of the works of domestic and foreign researchers on the issues of acquisition of republican archives with documents of personal origin, the formation, conduction an examination of value, compilation of an inventory of the fund, scientific reference apparatus, electronic database and publications of documents of personal origin.

Key words: documents of personal origin, funds of personal origin, archive, historiography

Жеке адамның өмірі мен қызметі барысында жиналған құжаттардың жиынтығы жеке тектік құжаттар деп аталады. Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының бір бөлігін жеке тектік қор құжаттары құрайды. Әдебиет, өнер, мәдениет, ғылым, саясат және халық шаруашылығының барлық салаларында ерекше еңбегімен танылған, мемлекеттік сипаттағы ие болған, еліне еңбегі сіңген, мемлекеттің көркейіп-гүлденуіне үлес қосқан, елінің қауіпсіздігі жолында құрбан болған тұлғаларымыздың құжаттары қымбат қазына, ұлттық идеологиямызға сарқылмайтын байлық.

Архив қорларында Ұлы Даланың Ұлы есіміне лайық тұлғалардың ғұмыры мен қызметін айғақтайтын деректер архив қорларында сақтаулы. Дегенмен олардың бірі туралы жиі айтылса, екіншілері жөнінде айтыла да жазыла бермейді. Архивтердегі жеке қор құжаттары – тек дербес тұлға туралы ғана емес, мемлекет пен қоғамның дамуы туралы құнды мәліметтер беретін дерек көздері. Сондықтан олар архивтік басқа қор құжаттарына қарағанда өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтерінде жеке тектік құжаттардың қалыптасуы, толықтыру, сақтау, ғылыми-техникалық өңдеу т. б. мәселелерінің тарихнамасына тоқталайық. Жеке тектік құжаттардың тарихнамалық тұрғыда талдау жасап қарастырылған зерттеулер өте аз, тіпті бірең-сараң десекте болады.

1950-шы жж. соңында жеке тектік қор құжаттарына арналған арнайы зерттеулер пайда болды. Солардың бірі В.И. Поповтің мақаласын қарастырайық. Жалпы ТМД елдерінің архивтерінде алғашында өнер қайраткерлерінің жеке тектік құжаттарымен толықтырылған. В.И. Попов өнер қайраткерлерінің жеке тектік құжаттарының құрамы мен мазмұнын зерттеген. Автор өнер қайраткерлерінің құжаттарының ерекшелігін айта отырып, ғылыми-техникалық сипаттауда қандай құжат түрлеріне баса назар аудару керектігіне тоқталған. В.И. Поповтің пікірінше өнер қайраткерлерінің өнері және шығармашылығымен танымал болғандықтан, шығармашылығына қатысты құжаттарын жүйелеуде тізімдеменің бірінші бөліміне енгізілу тиіс. Өнер қайраткерлерінің шығармашылық құжаттары түрлі жанрда болады. Архивист мамандар өнер қайраткерлерінің түрлі жанрдағы құжаттарын біле алу керек деген тұжырым жасайды. «Систематизация документальных материалов фонда личного происхождения требует особенной тщательности, а схема постоянства и устойчивости» [1]. В.И. Попов өнер қайраткерлерінің тізімдемесін құрастыруда құжаттарды жүйелеудің ретін сипаттаған. Мысалы жазушылардың құжаттары мынадай түрде жүйелену керек дейді. Жазушылардың құжаттары шығармашылығына қатысты бөлімде қолжазбалар бөлімі деп атап, ары қарай романдар, повестер, әңгімелері, естеліктер т. б. бөлімшелерге бөлініп жинақталады. Екінші бөлімде хаттар жинақталса, үшінші бөлімде биографиялық құжаттар, төртінші бөлімде қор иесі туралы құжаттар мен қор иесін қызықтырған тақырыпта құжаттары топтастырылады. Ең соңғы бөлімде фотоқұжаттары енгізіледі. Бұл жоғарыда аталған жеке тектік құжаттар түрі мазмұны мен мағынасына қарай тақырыптық, хронологиялық тәртіппен орналасатындығына назар аударған.

Жеке тектік қорлардың тізімдемесі туралы Л.Г. Сырченконың еңбегін айтсақ болады [2]. Жеке тектік қорлардың тізімдемесіне ғылыми-анықтамалық аппарат түрлері жасалатындығы белгілі. Жеке тектік қорлардың тізімдемесінің ғылыми-анықтамалық аппарат түрлеріне мазмұны, алғысөз, адам-аты жөніне байланысты көрсеткіштер, қысқартылған сөздер тізімінен тұрады. Л.Г. Сырченконың тұжырымы бойынша революцияға дейінгі жасалған тізімдемелерде ғылыми-анықтамалық аппарат болмаған екен. Сонымен қатар істердің атауы толық негізде сипатталмаған, жеке тектік құжаттардың хронологиялық шегі нақты айқындалмаған және құжаттарды топтастыруда бірізділік жүйемен құрастыру керектігін айтқан. Л.Г. Сырченко ғылыми-анықтамалық аппарат түрлеріне тоқталып, түсіндірген.

Жеке тектік қорлардың тізімдемесіне алғысөз құрастырылады. Кеңестік кезеңдегі архивисттер тізімдемеге алғысөз жазудың үлгісін жасап, алғысөздің үлгісін «тарихи-археологиялық алғысөз» деп атаған. Алғысөзде қор құрушының өмірбаяны, қордың тарихы, тізімдеменің құрылымы (бөлімдер мен бөлімшелер) баяндалған. Кеңестік кезеңдегі жазылған алғысөздердің көлемі қысқартылған түрде берілген.

Тәуелсіз Қазақстанда жеке тектік құжаттардың тізімдемесінің алғысөзі 3 бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде – қор құрушының өмірбаянына қатысты ақпараттар өзінің қорында кездесетін құжаттар негізінде жазылып, сілтеме беріледі. Екінші бөлімде – құжаттарының құрамы туралы баяндалады, яғни құжаттарының бөлімдер мен бөлімшелерге топтастырылғандығы туралы сипатталады. Сонымен қатар, қор иесінің қызықты әрі маңызды құжаттары туралы қысқаша мәліметтер беріледі. Үшінші бөлімде – қор иесінің құжаттарын кім тапсырғандығы және мұрагерлікке кімге қалдырылғандығы туралы жазылып, құжаттардың физикалық жағдайы туралы мәліметтер беріледі.

Адам аты-жөніне байланысты көрсеткіште істердің атауында кездесетін адам аттары туралы мәліметтер енгізіледі. Яғни қор құрушының құжаттарында кездесетін тұлғалардың аты-жөні, тегі, қызметі, атақ-дәрежесі және істің нөмірі көрсетіледі. Адам аты-жөніне байланысты көрсеткіш қор құрушының көбінесе хаттарында, естеліктерінде, мақалаларында, ғылыми пікірлері құжаттары негізінде жасалады. Автордың пікірінше тізімдемеге толық жасалған ғылыми-анықтамалық аппарат арқылы тізімдеменің ғылымилығы артып, сондай-ақ зерттеушілер мен оқырмандарға, архивистерге керек мәліметтерді жылдам табу үшін үлкен септігін тигізеді.

Ғылыми-анықтамалық аппарат түрлерінің тағы бір түрі ол атаулы каталог. Т. Бельтенова адам аты-жөніне байланысты көрсеткіш пен атаулы каталогты салыстырмалы түрде зерттеген. Атаулы каталог қор құрушының қызметтік, қоғамдық, шығармашылық қарым-қатынас негізінде пайда болған қызықты, маңызды құжаттарында кездесетін тұлғалардың аты-жөніне жасалады. Атаулы каталог кәртішкеге толтырылып, алфавиттік тәртіппен орналастырылады. Атаулы каталогтар қор құрушының фотоларына, хаттарына, естеліктеріне, жинақ материалдарына жасалады. Сонымен қатар, атаулы каталогтар адам аты-жөніне байланысты көрсеткішпен салыстырғанда өте аз көлемде болуы мүмкін. Кейбір жеке тектік қорлардың құжаттарының мазмұны мен көлеміне байланысты атаулы каталогтар жасалмайды. Бұл туралы Т. Бельтенова былай дейді: «Однако, подход к отражению содержания документа на карточке в обоих случаях – разный, одни и те же сведения на карточках для определенного вида каталога могут быть описаны с различной степенью обобщения» [3]. Автордың пікірінше атаулы каталог пен адам-аты жөніне байланысты көрсеткіште мәліметтер әр-түрлі болады. Соған қарамастан атаулы каталогтарды әрбір жеке тектік қорға жасау маңызды деген тұжырымға келген.

Жеке тектік құжаттардың маңыздылығы туралы Э. Колосованың «Личные архивы историков и историография» атты еңбегін атауға болады. Жеке текті құжаттардың құндылығын айта келіп, ойын былай түйіндейді: «Изучение биографий отдельных личностей, их индивидуальных черт является одним из необходимых условий воссоздания подлинной картины исторической действительности вообще, а при изучении истории, исторической науки – в особенности. Здесь невозможно обойтись без привлечения документов личного происхождения, не только опубликованных, но и ждущих своего исследователя в архивах» [4]. Яғни, жеке тектік құжаттар арқылы жекелеген тұлғалардың қоғамға тигізген әсері, олардың атқарған саяси-қоғамдық қызметінің шеңбері аясында Отан тарихының жаңа беттерін ашуда бұл архив қорларындағы құжаттардың маңызы зор.

Жеке тектік құжаттармен толықтыру мәселесі туралы Т. Абилованың кандидаттық диссертациясын айтсақ болады [5]. Автордың кандидаттық диссертациясы еліміздегі

жеке тектік құжаттарға қатысты алғашқы ғылыми еңбектердің бірі болып табылады. Диссертацияда кеңестік кезеңде республикалық архивтерді және Орталық музей, Орталық мемлекеттік кітапхана, Ұлттық Ғылым Академиясының сақталған жеке тектік құжаттардың жинақталу тарихын зерттеген. Аталмыш зерттеудің хронологиясы 1950 ж. соңы мен 1980 ж. басын қамтиды. Автордың зерттеуінше осы уақыт аралығында республикалық архивтерде жеке тектік құжаттармен толықтыру жұмыстары мақсатты және жоспарлы түрде жүзеге асқан.

Т. Абилова Орталық мемлекеттік архивінде жеке тектік құжаттардың жинақталу тарихын екі кезеңге бөлген: бірінші кезең – 1920 ж. бастап 1950 ж. дейін, ал екінші кезең – 1950 ж. соңынан 1980 ж. дейінгі уақыт аралығын қамтыған. Бірінші кезеңді Қазақстанда мемлекеттік архив қызметінің ұйымдастырылуымен байланыстырған. Алайда, жеке тұлғалардың құжаттарымен толықтыру жұмыстары архивтің қызметіне жатқызылмаған. Соған қарамастан, жергілікті тұрғындардың қорлары аз көлемде, шашыраңқы түрде қабылданған. Ал екінші кезеңде, СССР мемлекеттік архив қоры туралы ереженің шығуы және Орталық мемлекеттік архивінде әдебиет және өнер бөлімінің құрылуы жеке тектік құжаттармен толықтыру жұмыстары қарқынды жүргенін байқауымызға болады. Жаңадан құрылған бөлімнің негізгі мақсаты өнер қайраткерлерінің құжаттарымен толықтыру болған. Бірақ, 1970–1980 жж. мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың құжаттарымен толықтырылған.

